

### **Тарихи анықтама**

Еңбекшілер депутаттары Жаңақала ауылдық Кенесі атқару комитетінің тұрақты сақтаудағы тізімдемелерінің құжаттары 1942-1955 жылдар аралығын құрайды.

Олар: Облыстық Советі атқару комитетінің ауылдық Кеңесінің негізгі қызметін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулары, Облыстық Советі атқару комитетінің ауылдық Кеңесінің негізгі қызметіне қатысты шешімдері, Еңбекшілер депутаттары аудандық Советі атқару комитетінің ауылдық Кеңесінің негізгі қызметін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулары, аудандық Советі атқару комитетімен, мекеме-кәсіпорындармен негізгі қызмет мәселелері бойынша хат алмасу, ауылдық Кеңес сессияларының хаттамалары, ауылдық Кеңес бюджетінде тұратын қызметкерлер саны және еңбек ақы фондыларың жұмсау туралы жылдық статистикалық есеп (№3 нысан), ауыл шаруашылығы, бюджет, мәдени ағарту, қоғамдық тамақтану тұрақты комиссияларының құжаттары (жоспарлар, хаттамалар), ауылдық Кеңесінің социалистік жарысының міндеттемелері, атқару комитеті отырыстарының хаттамалары, штат кестесі мен шығындар сметасы, ауылдық Кеңестің бюджеті, депутаттардың, тұрақты комиссиялардың құрамындағы өзгерістер жөніндегі статистикалық есеп (№1 нысан), ауыл Кеңес тұрғындарының жынысы және жас құрамы туралы бізмезгілдік жылдық статистикалық есеп (№9 «с» нысан), жылдық жұмыс жоспары, ауылдық Кеңесі депутаттығына ұсынылған кандидаттарды тіркеу жөніндегі округтік сайлау комиссиясының хаттамалары, депутаттардың сайлаушылар аманатын орындау жөніндегі есебі, ауылдық Кеңесі депутаттарын сайлау жөніндегі округтік сайлау комиссиясының дауыс беру хаттамалары, ауылдық Кеңесі депутаттарын сайлау жөніндегі участкелік сайлау комиссиясының дауыс беру хаттамалары, ауылдық Кеңес территориясында тұрақты тұратын және құрылыстары, қоныс іргесіндегі жері, егістері жоқ жұмысшылар мен қызметкерлер семьяларының тізімі, ауылдық Кеңес депутаттығына кандидат ұсыну туралы жиналыс хаттамалары, Еңбекшілер депутаттары жергілікті Советтері сайлауының статистикалық есебі. (№1 нысан), Еңбекшілер депутаттары аудандық Советі атқару комитетінің ауылдық Кеңесінің негізгі қызметіне қатысты қарарлары, бюджеттің орындалу жөніндегі жылдық есеп.

Ауылдық Кеңес атқару комитетінің №1 «ж» тізімдемесінің құжаттары 1945-1947, 1952, 1954 жылдар аралығын құрайды.

Олар: Жеке құрам жөніндегі бұйрықтар және еңбек ақы есептеу ведомостілері.

Шаруашылық кітаптары 1940 – 1942, 1946 – 1955 жылдар аралығын алған.

Жаңақала ауылдық Кеңесі Жаңақазан ауылында орналасқан 1942 – 1946 жылдары ауылдық Кеңестің төрағасы қызметін Султанғалиев атқарған.

Осы ауылда 1 жеті жылдық, 1 бастауыш мектеп, кітапхана, клуб, фельшерлік, акушерлік пункт, колхоз базары жұмыс жасаған.

1946 – 1950 жылдары ауылдық Кеңес төрағасы қызметін Умбетов атқарған.

Ауылдық Кеңестің құрамында «Большевик» колхозы болды, колхозда 1946 жылы 28 жылқы, 4 түйе, 463 ірі қара, 2620 бас қой-ешкі, болған.

1947 жылы ауылдық Кеңесте 21 депутат болып, олар сайлаушылар аманатын орындауда көп қызмет атқарған. Ауылдық Кеңестің есебінде 2368 адам тұрды.

1950 жылы ауылдық Кеңесті Машеров, 1952 жылы Ақжігітов басқарған. Сол жылдары халық саны 2849 жеткен. 732 үй болған, ауыл халқында 313 бас ірі қара, 82 бас қой, 130 бас ешкі, 1 жылқы, 1 түйе болған.

1954 жылы ауылдық Кеңесті Каражанов, 1955 жылы Абугалиев басқарған.

Ауылдық Кеңес атқару комитетінің негізгі міндеттері:

- Ауылдық Кеңес сессияларының кезекті шақырылуына байланысты кун тәртібіндегі мәселелерді талқылау;
- Депутаттар құрамына өзгерістер енгізу;
- Тұрақты комиссиялармен жоспарлы жұмыс істеу ;
- Ауылдық Кеңес бюджетінің орындалуын бақылау;
- Ауыл малының санын алуды ұйымдастыру;
- Атқару комитеті отырыстарының жоспарға сәйкесті өткізілуіне назар аудару;
- Мәдени көпшілік іс-шараларды ұйымдастыру;
- Ауылды абаттандыру тағы да көптеген мәселелерді шешу;

Тарихи анықтаманың екінші бөлімі бойынша:

Ғылыми-техникалық өңдеуге дейін 3 (үш) тізімдеме бойынша 1942-1955 жылдары аралығында 176 (жүз жетпіс алты) сақтау бірлігі болған.

1942-1955 жылдарын № 1 тұрақты сақталатын істердің тізімдемесіне 63(алпыс үш) с.б, 1945 – 1947, 1952, 1954 жылдарын № 1 «ж» жеке құрам жөніндегі істердің тізімдемесіне 5(бес) с.б, 1940-1942, 1946-1955 жылдардың № 2-ші (шаруашылық кітаптары) тізімдемесіне 108 (жүз сегіз) сақтау бірлігі.

2014 жылдың ақпан айының 12-нен наурыз айының 28-не дейін, осы қордың 1942-1955 жылдар аралығындағы құжаттарына ғылыми-техникалық өңдеу жүргізілді.

ҒТӨ нәтижесінде қордың құрамында төмендегідей өзгерістер болды : 214 іске мұқаба ауыстырылып, қайта түптеп тігілді, 365 парақ желімделді, 5618 парақ қайта нөмірленді, 214 іс маңызына және мерзіміне қарай жүйеленіп, мұқабалары рәсімделді. 20 бума қалыптастырылды, 20 жапсырма жаңадан жаңартылды.

Қорда ғылыми-техникалық өңдеуден өткізілгеннен кейін 1942-1955 жылдарын № 1 тұрақты сақталатын істердің тізімдемесіне 101 (жүз бір) с.б, 1945 – 1947, 1952, 1954 жылдарын № 1 «ж» жеке құрам жөніндегі істердің тізімдемесіне 5(бес) с.б, 1940-1942, 1946-1955 жылдардың № 2-ші (шаруашылық кітаптары) тізімдемесіне 108 (жүз сегіз) сақтау бірлігі. Барлығы үш тізімдеме бойынша 214 (екі жүз он төрт) сақтау бірлігі енгізіліп отыр.

Қорға ғылыми-техникалық өңдеу өткізу кезінде 40 (қырық) іс ажыратылып бөлінді, 2 (екі) іс басқа істермен біріктірілді.

Бұрынғы тұрақты сақталатын істердің №4, 12, 14 сандарында құжаттар өз мазмұны бойынша жазылмағаны анықталды.

Мысалы:

- 1943 жылы №4 істе (24 бет) Атқару комитеті отырыстарының хаттамалары, бырақ ол істе (Аудандық Советі атқару комитетімен, мекеме-кәсіпорындармен негізгі қызмет мәселелері бойынша хат алмасу)

- 1946 жылы №12 істе (10 бет) Атқару комитеті отырыстарының хаттамалары, бырақ ол істе (Ауыл шаруашылығы, бюджет, мәдени ағарту, тұрақты комиссияларының құжаттары (жоспарлар, хаттамалар)
- 1946 жылы №14 істе (32 бет) Ауылдық Кеңесінің негізгі қызметін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулары, бырақ ол істе (Аудандық Советі атқару комитетімен, мекеме-кәсіпорындармен негізгі қызмет мәселелері бойынша хат алмасу.

Бұрынғы тұрақты сақталатын істерден ажыратылған істер саны 40 іс:

- Олар: №9 істен 2 (екі) іс, 38 (бет)
- №17 істен 3 (үш) іс, 98 (бет)
- №18 істен 4 (төрт) іс, 91 (бет)
- №19 істен 3 (үш) іс, 33 (бет)
- №21 істен 3 (үш) іс, 41 (бет)
- №23 істен 3 (үш) іс, 111 (бет)
- №24 істен 2 (екі) іс, 31 (бет)
- №29 істен 4 (төрт) іс, 32 (бет)
- №30 істен 4 (төрт) іс, 178 (бет)
- №31 істен 4 (төрт) іс, 90 (бет)
- №35 істен 2 (екі) іс, 63 (бет)
- №37 істен 4 (төрт) іс, 91 (бет)
- №40 істен 2 (екі) іс, 33 (бет).

Бұрынғы тұрақты сақталатын істерден басқа істермен біріктірілгені 2 іс: Олар: №11 іспен №17 іс, және №13 іспен №14 іс.

Тарихи анықтаманың құрастыру кезінде Жаңақала ауылдық Кеңесінің қорындағы құжаттарын пайдаланылды (қор 74 тізімдеме № 1, №1 «ж», № 2).

Қордағы құжаттардың физикалық жағдайы қанағаттанарлық.

Бұрынғы 1940-1942 жылдардағы № 2(шаруашылық кітаптар) тізімдемеге енген 15 істей латын тілінде жазылған.

Осы тізімдеменің 1943 – 1945 жылдар аралығындағы шаруашылық кітаптары мемлекеттік сақтауға тапсырылмаған.

Бұрынғы 1942-1955 жылғы тізімдемеге енген істер ресми тілде жазылған.

Өңделгеннен кейін 1942-1955 жылдар аралығындағы жасалған тізімдемелерге енген істер мемлекеттік тілде жазылды.

Жаңартылған тізімдемелерге тарихи анықтама жазылып, ғылыми-техникалық өңдеу жүргізудің актісі, қор корточкалары, СК хаттамасы толтырылды.

Жалпақтал филиалының директоры



Б.Едікешев